

Психолог

- Оқушы, мұғалім мен тәрбиеші (үлкендердің) өзара сөйлеу қорытындысының бұзылуының психологиялық себептерін анықтайды.
- Оқушылардың психологиялық ахуалына, өзара қарым – қатынас жағдайына зерттеу жүргізіледі.
- Баланың психикасының дамуы мен оның ерекшелігін анықтау мақсатында балаларға психологиялық зерттеу жүргізіледі.
- Психикалық дамуындағы кемшіліктерге жол бермеу үшін коррекциялық бағдарламасын жасайды.
- Баланың ата – анасымен, тәрбиешісімен сынып жетекшісімен бірігіп психокоррекцияны жетілдіру бағыттарының психологиялық жүйесін жүргізеді.
- Тиісті мамандармен бірге психологиялық дамудағы дефференциялды психо болжау кемшіліктерін анықтайды.
- Осы негізде ата – аналар мен педагогтарға кеңес береді, педагогикалық – психологиялық насихат, психокоррекциялық жұмыс жүргізіледі

Мектеп психологінің жұмыс жасау е р е ж е с і

1. Белгілі аймаққа тән мамандықтың кәсібиграммасын білу.
2. Кәсіби кеңес кезінде міндетті түрде мамандыққа қажетті көрсетулер және кері көрсетулер, сонымен қатар осы процедураны орындау үшін болжаудың (диагностиканың) әр түрлі әдістері болу керек.
3. Кәсіби кеңес кезінде өзін - өзі бағалауды дамыту және жеке тұлғаның жағымды қасиеттерін көрсету, өзін - өзі объективті анықтауға көмек көрсету.
4. Барлық ұсыныстарды нақты әрі әдепті түрде беру, кеңесті сенімді жағдайда өткізу. Қоғам талаптарын ескере отырып жеке тұлғаның күшін нақты іске бағыттау қажет.
5. Психолог әрбір оқушының қабілеті мен мінез ерекшеліктері бар жеке тұлға екеніне көз жеткізе отырып, оқушының потенциалды мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатындықтарын сенімді болу керек.
6. Психолог жауаптарын жүйелеп қорытындылай келе, нақты сұрақтар қоя алады, осының негізінде кеңестер береді.
7. Психолог жауаптарында жеке тұлғаны кешенді зерттеу негізінде (өмірбаяны, басынан өткен оқиғалар, анкета сұрақтарына жауабы, бақылау көрсетулері, дәрігерлік диагноз, психодиагностика қорытындылары) қорытынды жасайды.
8. Жеке тұлғаға кеңес бергенде соңғы мәліметтеріне баса назар аудару керек.
9. Кеңесші өзіне қажетті тәжірибелерді жан – жақты зерттеуі керек, оқушының кемшіліктерін, мінезінің жайсыз жақтарын түсіндіріп оларды түзету жолдарын көрсету қажет.
10. Оқушының интеллектуальды және эмоциональды ортасына ықпал жасап, әрдайым оның психологиялық жағдайын ескеру керек. Оның мақсаты - әңгімелесушінің сөзін түсіне отырып, түсінікте болу.

Психолог маманның жұмыс жасау бағыты

Психологиялық

ағарту

Психологиялық

алдын алу

Психологиялық

Диагностика

Психологиялық

кеңес

Психологиялық

коррекция

- 1. Психологиялық ағарту** – мұғалім, ата анасы, оқушыны психологиялық білімдермен қамтамасыз ету, жаңалықтарды жеткізу.
 - 1. Мұғалімге** – семинар, викториналар
 - 2. Ата – анаға** – кеңес, лекция
 - 3. Оқушыларға** – дамытушылық сабақтар.
- 2. Психологиялық алдын алу** – мүмкін болған ауытқудың алдын алу шаралары.
- 3. Психологиялық диагностика - оқушының, ата** – ананың тұлғааралық жетілуіндегі ерекшеліктерді нормадан ауытқуды ғылыми негіз деп беретін сала.
- 4. Психологиялық коррекция** – түзету, өңдеу мақсатында нормадағы балаларды қарастырады, ауытқуы бар балаларды түзету іс – шараларын қарастырады.
- 5. Психологиялық кеңес** – диагностикалық негізде туындайды.

Мұғалімдер кодексі

- Өзін жеке тұлға ретінде түсіну;
- Шығармашылық зертханасы болып, өзіндік тәжірибе жүргізу;
- Педагогикалық қызметте жетекші бағытты таңдау;
- Педагогикалық процестерді шығармашылық тұрғыда жоспарлап ұйымдастыру, олар жақсы нәтиже берген жағдайда авторлық идея (ой), әдістер енгізу;
- Өзін өзгеге сыйлатуға және өз жұмысын көтермелеп мадақтауға құқылы;
- Оқушының досы, көмекшісі болу;
- Өзге ортаның балаға жақсы ықпал беруі үшін күресу, өзгені өзіндей түсінуге үйрету, баланың ерекше қасиетін сыйлау;
- Қандай қиын кезеңде де болашаққа сеніммен қарау,
(оптимист) баланың кейбір қылығына төзімділікпен,
жанашырлықпен қарау;
- Олармен шынайы сөйлесе білу ормасыздыққа (әдептен шықпаушылыққа), ескішіл кертартпалыққа төзбеу;
- Өз ісінің маманы, шебер болуға міндетті.

Ата – аналар кодексі

- Мектеп кеңесін сайлауға және оған сайлануға;
- Мектеп кодексінде қарауға, ұсыныстар енгізуге;
- Мұғалімдер әкімшілікпен келісіп жеке сабақтар мен кеңестерге қатысуға;

- Педагогикалық ұжымның жұмысын (қызметін) бағалауға;
- Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар жасауға;
- Баласының құқын, отбасының намысын қорғауға;
- Дау, талас туған жағдайда психологқа, әкімшілікке немесе дауды шешетін комиссияға баруға;
- Баланың оқу профилін таңдауға;
- Жеке мұғалімдер мен оқушыларды мадақтау туралы ұсыныс беруге құқылы;
- Сондай – ақ баланың өміріне жауапты болу, оның өсуіне жағдай жасау;
- Отбасында психолог, педагог, дәрігер бола білу. Отбасында атқарылатын істердің ортақтығы, әрі ол істі атқаруда әркімнің дербестігін сақтауға;
- Ерекше жағдай болған кезде ғана емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға;
- Баланы тәрбиелеу үшін өзінді тәрбиелеген жөн. Тәрбие беру бос ақыл айту емес;
- Баланы жақсы көру және өзінің жақсы көргенін мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отыруға;
- Өзін баламен тең жәрежеде ұстау;
- Балалар өздерінің ешқашан кішіміз деп ойламайды;
- Олардың бойында дербестікті тәрбиелеу;
- Егер өзіндік пікір, сеніміңіз болмаса, балаға жақындамау.

О қ у ш ы л а р к о д е к с і

- Мектептегі барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, білім алу мен ептілікке үйретуде өз белсенділігін таныту;
- Мектептің оқыту және тәрбие жұмыстарына қатысты өзінің пікірі мен келіспеушілігін білдіру;
- Өз мәселесін сынып жетекшісіне, мектеп басшысына, басқа да мұғалімдерге жеткізіп олардан көмек, кеңес алу;
- Өз намысын сыйлауды талап ету (сыйлауға талап қою);
- Қоғамдық ұйымдарда (жұмыстарда) белсенділік көрсету;
- Сыныптан тыс, мектептен тыс, сабақтарға қатысу;
- Өз мүмкіндігіне орай конкурс, байқау, жарыстарда мектеп намысын қорғау;
- Сабақ барысында үзілістерде дем алу. Өзінің білімі мен ептілігіне баға берілуін талап ету. Әр пән бойынша қойылған баға өзінің білімі мен ептілігіне сәйкес болу керек;
- Бақылау жұмыстары алынатын уақыт пен оның көлемі жайлы мәліметтен алдын – ала хабарда болу. Бір күнде тек бір бақылау жұмысы, ал бір аптада үш жазба жұмысын орындау;
- Білім алуда мұғалімнен қосымша көмек, білім мен ептілікке баға беру, жолдастары жағынан көмек алу;
- Өзі, ата – аналары немесе олардың орнындағы адамдар арқылы мектептің оқу профилін, оқу түрін қарқынын анықтап, білім беру мерзімін, жеке оқу бағдарламасын тыңдайды;
- Оқуда жақсы үлгеріміне сәйкес аптасына қосымша бос бір күн алу;
- Мектеп кеңесіне және мектептің өзін - өзі басқару органына сайлайды және сайланады.

Психологтың жұмыс бөліктері:

- **оқушылармен жұмыс**

- оқытушылармен жұмыс
- ата – аналармен жұмыс
- әкімшілікпен жұмыс

Кәсіптік психограмма
(психологқа арналған)

№	Тұлғалық ерекшеліктер, кәсіпті білуі
1	Өзгелердің жағдайын түсінуге тырысу, назар аудару.
2	Қарым – қатынасқа бейімділік, жылы шырайлылығы.
3	Жетекші болуға қабілеттілігі.
4	Әдептілігі, сыпайылығы.
5	Дұрыс ақыл – оймен басқаруы.
6	Жарқын жүзділігі.
7	Шыдамдылық, төзімділігі.
8	Үлкен жауапкершілікті сезуі.
9	Әртүрлі жұмыстарды толық орындау қабілеттілігі.
10	Еңбек іс - әрекетіне ынтасы.
11	Әрекеттегі ұқыптылығы.
12	Жаңа идеяларды тез игеруі, пікірдің өз еркінділігі.
13	Жұмыс барысындағы ұқыптылығы және реттілігі.
14	Өз болашағын жоспарлауға қабілеттілігі.
15	Өз ойын еркін айтуға қабілеттілігі.
16	Есте сақтауы.
17	Өзгелерді оқытуға қабілеттілігі.
18	Ауруларға қамқорлық жасай білуі.
19	Бейтаныс адамдарға қамқорлық жасай білуі.

Психолог құжаттары:

Әр түрлі және әр типтегі білім беру мекемелерде жұмыс істейтін психолог психологиялық педагогикалық және дәрігерлік - әлеуметтік көмек керек балаларға (орталықтағы) төмендегі форма бойынша жұмыс жүргізуді қолдануға болады:

**Білім мекемесіндегі психологтың жылдық жұмыс
ж о с п а р ы:**

- Мақсаты мен міндеттер;
- Мектеп ұжымының диагностикасы;
- Педагогикалық үдерістерінің диагностикасы мен болжамы;
- Оқушылармен, педагогтармен, ата – аналармен, басшылармен;
- Оқушылармен түзету жұмысы;
- Мектеп ұжымына психопрофилактикалық жұмыс;
- Ұйымдастыру жұмысы, облыстық, аудандық орталықтармен өзара байланыс.
- Психологтың апталық немесе айлық жұмыс жоспары.
- Әр түрлі бағыттағы психологиялық диагностикалық және профилактикалық материалдар жинағы.
- Жүргізілген зерттеулерде нәтижесі бойынша қорытынды шығару.
- Психологтың кеңес беру журналы.
- Психологтың топпен жұмыс бағдарламасы.
- Топтық жұмысты есепке алу журналы.
- Түзету жұмысы (егер арнайы топ құралса).

- Түзету – дамыту сабақтарына бағдарлама.

Балаға психологиялық дәрігерлік - әлеуметтік көмек беру картасы.

- Жүргізілетін сабақтардың бағдарламалары қысқа жоспарымен.
- Психологтың аналитикалық есебі.
- Мектеп тақырыбы бойынша тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың бағдарламасы (2 –3 жылға)

Форма №1

Білім беру мекемелеріндегі психологтың жұмыс жоспарына қойылатын талап

1. Жоспарды құру барысында мыналарды ескеру қажет:
 - Өз жұмыс мекемесіндегі білім беретін іс - әрекет мақсаты мен міндеттері;
 - ҚР Конституциясына, “ Білім туралы” заңға, “ Баланың құқы туралы Конвенциясына”, Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттарына және облыстық білім басқармасының бұйрығына сәйкес баланың қызығу құқтар приоритетін.
2. Жұмыс жоспарына төмендегі бағандарды енгізу қажет:

№	Жұмыстың аты	Жүргізу жағдайы	Жауапты	Уақыты	Ұсынылатын нәтиже
---	--------------	-----------------	---------	--------	-------------------

2 бағанда әр түрлі іс – шаралардың (жиналыс, кеңес, әңгіме, сабақ және т.б) аттары, сондай – ақ белгілі бағыт бойынша іс - әрекеттің бағдарлама аты (мысалы, сыныпты диагностикалық тексеру немесе қосату, түзету т.б) Егер әр бағыттың жұмысын бөлек көрсету керек болса, онда осы бағаннан бағанашаларға бөлесіз.

Жұмыс жоспарын апталық, айлық, кварталдық немесе тоқсанға есептік ретінде құрастырылады.

3. Болашақ жұмыс жоспары психологтың жұмыс мақсаты мен бағыттарын ендіріп, бір жылға жасалады.

Оқу жылына арналған мектеп психологының іс - әрекеттік жұмыс жоспары

Төмендегі жоспар жобасы 36 жұмыс аптасына арналған. Психологтың апталық жұмыс жоспарларының уақыты 20 –24 сағаттан аспау керек. Кейбір апталардағы күндер жұмыс түрлерімен қамтылмаған болса, онда сол уақытта әкімшіліктің педагогтар мен оқушылардың сұраныстары бойынша кезектегі жұмыстарды атқарған жөн. Жоспарға төмендегілер кіреді:

Мектеп психологының іс - әрекетіне қосымша жұмыстардың мазмұны:

- 1 – ші сыныпқа қабылдау;
- бастауыш сыныптағы оқушылардың мектепке бейімделуі;
- орта буынға ауысуы, өтуі;
- орта буынға бейімделуі;

- жасөспірім дағдарысы;
- жоғары сыныпқа бейімделу.

Педагогикалық ұжымдармен ағарту және топтық кеңестік жұмыстарының бағыттары (семинарлар) 1 – 3, 5 – 7 және 8 – 11 сыныптарының әр топқа жылына екі семинар жоспарланып, жүргізілуі керек.

Семинарларда төмендагі жұмыс бағыттары қаралуы керек:

Ағарту бағыты – пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне оқушылардың белгілі жастағы психикалық дамуындағы заңдылықтары мен ерекшеліктерін таныстыру;

Әдістемелік бағыт – пән мұғалімдерін белгілі жастағы оқушыларды оқытудың негізгі психологиялық талабын, мүмкіндіктерін таныстыру;

Әдістемелік бағыт – сынып жетекшілерін белгілі жастағы оқушылардың оқудан тыс іс - әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі психологиялық талабын, мүмкіндіктерін тәрбиелеу мақсатында таныстыру.

Мектеп психологының күндік жоспары (апталық жоспардың үлгісі)

VII “ Б” сыныбының қазақ тілі сабағына белгілі мақсатпен қатысу (сабаққа үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс).

VII “Б” сынып оқушыларының психологиялық зерттеуін жүргізу (оқу мотивациясы, мұғалімдерге қатынасы).

11 – 12 Қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне арналған топтық кеңес (консультация), (жасөспірімдердің оқу мотивациясын диагностикалау мен қалыптастыру).

12 - 13 “Педагогикалық ынтымақтастық және даму” атты лекция (дәріс)

16 – 18 Қауіпті топқа жататын оқушылардың ата – аналарымен жеке консультация. Жасөспірімдердің ата – аналарына арналған (“ Қиын бала немесе қиын жағдайлар” тақырыбына).

А п т а л ы қ ж о с п а р

№	Жұмыс түрлері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі

“ Мектептегі оқу – тәрбие жұмысын психологизациялау жолымен жасөспірімдермен жұмыс”

(мақсатын іске асыру үшін жасалған жоба жоспар)

Айы жылы	Жұмыстың мазмұны	Жүргізу формасы	Кім жүргізеді	Кіммен жүргізеді	Қай күні
	“ Қиын балалар және жас ерекшеліктерінде кездесетін қиындықтар”.	Лекция	Психолог	5 – 9 сынып Мұғалім	02.

	Мінездің акцентуациясын зерттеу.	Тестілеу	- // -	Мінезінде ауытқуы бар оқушы.	04
	Коммуникациялық дағдыны дамыту	Тренинг	- // -	5 – 9 сынып оқушылары	06
	Мектеп дезадаптациясының себептері	Семинар – практикум.	Психолог, оқу – тәрбие меңгерушісі	Бастауыш, буын мұғалімдері	07
	“ Қиын балалармен” жұмыста тұлғалық бабын табу.	Топтық кеңес	- // -	Орта буын мұғалімдері	08
	Тұлғаның қалыптасуындағы эмоциялық ерекшеліктері.	Агрессиядан арылуға түзету	Психолог	Мінез –құлық ауытқуы бар оқушылары	10
	Аффектілік сферада жасөспірімнің “ өзгеруі”	Ата – аналар жиналысы	Психолог	Ата – аналармен	12.0
	Зерттеудің нәтижелерін талдау.	Дөңгелек стол	Психолог	5 – 9 сынып мұғалімдері	13.0
	Сабақ барысында тәртіпсіз оқушыларға жеке баппен қарау.	Дәріс	Психолог, мұғалімдер.	3 –4 сынып	15.0
	“ Жан ұядағы өзара әрекетстильдерінің “ өзгеруі”	Кеңес сериялары.	Психолог.	Ата – аналар	16,1 7,18.
	Сыныптағы өзара әрекет ерекшеліктері.	Оқушыларға арналған кеңес.	Психолог.	5 – 9 сынып оқушылары	18,1 9.
	Сыныптағы оқушылар статусын зерттеу.	Оқушыларға арналған кеңес	Психолог.	7 – 8 сынып оқушылары	22.
	Мен қоршаған ортаның көзімен.	Жеке түзету (әңгіме)	Психолог.	7 – 9 сынып оқушылары	25.
	“ Қиын сынып”	Пед. Кон/ум.	Психолог.	8 сынып мұғалімдері	27

**Психолог кабинетінің жұмыс циклограммасы
(үлгі)**

Күні	Уақыты	Мұғалімдер	Оқушылар	Ата – аналар
Дүйсенбі	9 - 12 12 - 14 15 - 16 18 - 19	Жеке кеңес	Психодиагностика (нәтижелерді өңдеу) Психогимнастика	I – IV сыныптағы оқушылардың ата – аналар мектебі
Сейсенбі	9 -12 12 - 14 15 - 16 18 - 19	Психо диагностика	Психодиагностика (нәтижелерді өңдеу) Қыздарға арналған факультатив (тренинг) Сенім телефоны	V – VII сыныптағы оқушылардың ата – аналар мектебі
Сәрсенбі	9 - 12 12 - 14 15 - 16 18 - 19	Семинар	Ұлдарға арналған факультатив (тренинг) психологиялық гимнастикасы	Жеке кеңес
Бейсенбі	9 - 12 12 - 14 15 - 18	Пед - консилиум	Сенім телефоны II уақыт Ойлау сағаты	Жеке кеңес
Жұма	9 - 12 12 - 14 15 – 16 18 - 19	Әкімшілікпен кеңес Қарым – қатынас сағаты		Сенім телефон IX – XI сыныптағы оқушылардың ата – аналар мектебі

Психологтың іс - әрекет бағыттары

Дүйсенбі (психодиагностика)	- Психодиагностика және зерттеу нәтижелерін өңдеу.
Сейсенбі (психологиялық консультация)	- Сенім телефоны, жеке және ата-аналарға кеңес беру.
Сәрсенбі (психотүзету)	- Психотүзету және психопрофилактикалық жұмыс
Бейсенбі (психопрофилактика)	- Қарым – қатынас тренингін, психологиялық ойындар, психологиялық гимнастиканы жүргізу.
Жұма (психологиялық,	- Модульдық курстарға, педкеңестерге қатысу,

педагогикалық үгіт)

координациялық отырыстарға
қатысу.

Сенбі
(өзіндік даму)

- Кітапханада жұмыс

**Педагогикалық ұжымды зерттеудегі
диагностиканың маңызы:**

**Педагогикалық ұжымды түбегейлі зерттеу үшін төмендегі көрсеткіштер
бойынша мәліметтерге ие болу маңызды:**

- психологиялық ахуал;
- ұжымның даму деңгейі;
- ұжым мүшелерінің бағаларымен өзара бағасы;
- ұжымды басқару стилі;
- ұжымдағы “ басшы – қарамағындағылар” қатынасы;
- ұжымдағы әлеуметтік – коммуникативтік компетенттіліктің және тұлғааралық қатынастың деңгейлері;
- педагогтардың өзіндік бағалары, тартымдылық деңгейлері;
- ұжым мүшелерінің көңіл – күйі, белсенділігі;

- ұжым мүшелерінің локус бақылауы;
- педагогтардың тұлғалық үрей деңгейі;

Жүргізілген психодиагностикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша қорытынды

1. Зерттеу жүргізудің себебі.
2. Зерттеуге жоспар құру, болжам жасау, психологиялық зерттеудің әдістемелерін таңдауға негіздеу (әдістемелерді жасағандардың аты көрсетіледі).
3. диагностың аты – жөні, лауазымы, жұмыс орны, жұмыс телефоны.
4. Зерттеуді жүргізу уақыты.
5. Схема бойынша әдістемені сипаттау:
 - Мектеп аты;
 - Тестің авторы, атауы;
 - Зерттелетін жұмыс;
 - Нәтижеге әсер ететін факторлар.
6. Бағалау шкалаларының аттары; мысалы, вербальді емес интеллект, мағлұматтылығы, жалпы баға, есте сақтаудың көлемі және т.с.с.
7. Зерттеудің нәтижелері:
 - Сандық мәліметтер. Жеке немесе барлық оқушыларға таблица ретінде. Тестілеудің нәтижесін есептеу схемасын қара.
 - Мәліметтердің жалпылама интерпритациясын, сандық талдау мен қорытынды.
 - Тестілеудің нәтижесі бойынша нұсқаулар.

Тестілеудің нәтижесін есептеу схемасы

№	Тестіден өтушінің аты – жөні	Диагностикалық тапсырманы орындау 1 2 ... №	Қорытынды нәтижесі

Күні:

Жүргізушінің аты – жөні:

Қорытынды пікір:

Қолы:

**Психологтың кеңес
(консультация)
журналы**

Күні	Жүргізу уақыты	Кеңес алушы (жасы, жынысы, аты)	Келген себебі	Мәселесі	Кеңестің нәтижесі	Кеңесші

Ескертулер:

- 2 бағанда кеңестің басталған және аяқталған уақыты болашақта жұмысты жоспарлауда кеңестің ерекшелігін ескеруге болады;
- 3 бағанында кеңес алушы қалай өзін атайды немесе анонимдік атаумен жазу керек;
- 7 баған, егер бір мекемеде бірнеше психолог қызмет ететін болса, әрі бір жалпы журналға тіркелген жағдайда ғана;
- Кеңестің уақытын белгілегенде кеңестің басталу және аяқталу уақытын белгілеп, келесі жыл жоспарына ескеруге алуға болады.

**Топтық жұмысты
есепке алу журналы**

№	Қатысушының аты – жөні	Тренингтің тақырыбы	Кездесу күні	Қатысқанын белгілеу	Жүргізуші	Ескерту

		және аталуы				

Ескертулер:

- Мұғалімдермен, ата – аналармен, оқушылармен тренингтер өткізуге болады;
- Белгілі бағдарлама бойынша оқушылармен коррекциялық немесе дамытушылық сабақтар жүргізуге болады;
- Мұғалімдерге методикалық сабақтар, лекциялар және семинарлар жүргізуге болады.

Егер соңғылары білім мекемесінің арнайы журналында есепке алынатын болса, онда олар туралы журналда белгіленген үлгі бойынша мәліметтер енгізілуі тиіс.

Форма №6

**Психологтың топпен
жұмыс
бағдарламасы**

1. Психолог -----

2. Сыныпқа (топқа сипаттама):

- балаларға психологиялық мінездеме;
- осы сыныпта мұғалімдер жұмысына жалпы мінездеме;
- бағдарламаның мақсаты (балалармен, немесе мұғалімдермен, ата – аналармен жұмыстың нақты мақсаты мен міндеттері);
- әр ай бойынша бағдарламаны іске асыру кезеңдері;
- сыныптағы жұмыстың нәтижесін жоспарлауда жіберілетін эксперттік тексерулер.

Күні -----

Психологтың қолы -----

Форма №6

**Психологиялық
жұмыстың
қорытындылары**

Сыныпта (топта) ----- оқу жылы

1. Сыныпта (топта) келесі диагностикалық зерттеулер жүргізілген:

Өткізілген уақыты	Тест	Зерттелген тестік жұмыстың сипатының аталуы

2. Сыныпта жүргізілген (топта) топтық сабақтардың тізімі (тренингтер)

Өткізілген уақыты	Тренингтің аталуы	Сабақтың тақырыбы

3. Педагогтармен жүргізілген жұмыстардың тізімі (егер жоспарланса)

Жүргізілген уақыты	Сабақ тақырыбы	Сабақ мақсаты	Қатысушылар

4. Оқушылармен жеке жұмыстың формаларының аталуы.

Жүргізілген уақыты	Сабақ тақырыбы	Сабақ мақсаты	Баланың ата жөні (егер жеке баламен жұмыс болса)

Осы сыныппен жұмыс жасап жатқан және тағы да жұмыс жасайтын, тақырыпты пайдалануға және оны түсінуге жіберілгендегі сыныппен жұмыста алынған нәтижелер тізімі.

Сыныппен әріқарай жұмыс жасауға ұсыныстар. (топпен) Аталған бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесіне талдау жасау және оны одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Күні:

Мектеп психологы:

Форма №7

Түзету (коррекциялық) жұмысы

----- 200... ж

Аты – жөні (толық)-----

Білім мекемесі -----

Сыныбы (тобы) -----

Маманның пікірі (жеке түзету)-----

Баланың күшті жақтары -----

Баланың әлсіз жақтары -----

Түзете оқыту динамикасы -----аралықта

Төмендегідей өзгерістер болады:

Ұсынылады:-----

Форма №8

**Т ү з е т у – д а м ы т у с а б а қ т а р ы н ы ң
б а ғ д а р л а м а с ы**

1. Түсінік хат

1. Көкейтестілігі, бағдарлама мақсаты:

- аталған адамдар тобымен жұмыс істеуге оның маңыздылығын анықтауға мүмкіндік беретін түрі (білім мекемелерінде)

2. Тапсырмалар:

- сабаққа қатысушылардың мақсатына жету жолдарын анықтау түрінде.

3. Адресат (жеке адамға бағытталған жұмыс):

- сабақ кіммен жүргізілген болады (қатысушылар балалар, ересектер, мұғалімдер т.б)

4. Мазмұны:

- тараулар мазмұнын ашатын түрде

2. Сабақтың тақырыптық жоспары

Тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Жұмыс түрлері, жаттығулар (нақты түсініктемесіз)

3. Әдебиеттердің тізімі (топтағы қатысушылар

пайдалынатын әдебиеттер көрсетіледі)

Жүргізуші (аты – жөні, қызметі) -----

Мәжіліс хат

Кімге (2 дана)

Зерттеу -----

Мақсат -----

Әдіс -----

Жүргізілуі -----

Нәтижесі (сандық және сапалық талдауы) -----

Нұсқаулар: Мұғалімдерге
Ата – аналарға
Оқушыларға

Жүргізілген күні -----

Қолы -----

Психологтың қысқа хаты

Жұмыс бөліктері: Мұғалімдермен жұмыс (мақсаты);
Оқушылармен жұмыс (мақсаты);
Ата – аналармен жұмыс (мақсаты);

Жұмыс бағыттары:

- Диагностикалық;
- Профилактикалық;
- Консультациялық;
- Коррекциялық;

Қорытынды:

Педагогикалық – психологиялық консилиум (ППК)

ППК – ның формалары:

1. Зерттеу үрдісі кезінде пайда болған мәселені алқалық талқылауды керек етуіне байланысты консилиум.
2. Психологпен педагогикалық ұжымның бірлескен іс - әрекетінде мәселелерді шешу үрдісінің кезеңін аяқтау консилиумі.
3. Педагогикалық ұжымда бірыңғай теориялық және практикалық ппозицияларды өңдеуге қажетті консилиум.
4. Келешекте кәсіптік жұмысты жоспарлау және жүзеге асыруға мүмкіндігі бар консилиум.

ППК – ге дайындық кезеңдер:

- Консилиумда қаралатын мәселелердің психологиялық мазмұнын анықтау;
- Тақырыптың диагностикасын талдау;
- Оның жалпы қорытындысы, жүйелілігі, әрі олардың сол байқаумен байланысы;
- Шешімді қабылдау және оқу – тәрбие үрдісінде нұсқауды өндіру.

ППК – ның мақсаттары:

1. Оқушының немесе сыныптағы оқушылардың оқуы және мінез – құлығындағы ауытқулардың себептері мен ерекшеліктерін анықтау.
2. Оқушының немесе оқушылардың ауытқуларының дамуына түзету мақсаты мен тәрбиелік шаралар бағдарламасын жасау.
3. Қиын және конфликтілік жағдайларды шешуге кеңес.

К о н с и л и у м қ ұ ж а т т а р ы :

1. Консилиумды ұйымдастыру және консилиумының құрамын бекіту.
2. Социометриялық әдістемелердің көмегімен сыныптың тұлғааралық қатынасын зерттеу.
3. Психологиялық – педагогикалық консилиум журналы
(психолог толтырады):
 - денсаулық жағдайы, жанұядағы психологиялық ахуал, оқу іс - әрекетінің ерекшеліктері, ұжымдағы, ортамен қарым – қатынас стилі, қызығушылық бағыты, мектептен тыс байланыстары, мінез – құлқындағы ерекшеліктері, жағымды және жағымсыз қылықтары педагогикалық ықпалға қалай қарайды.
4. Оқушының немесе сыныптың диагностикалық картасы.

5. Консилиумның қорытындысы:

Күні	Құрамы	Педагогикалық диагнозы

Нұсқаулы шаралар:

Күні	Медициналық - психологиялық	Психологиялық – педагогикалық

6. Өзіндік міндеттеме.

7. Нұсқаулы шараларды іске асыру.

Педагогикалық психологиялық консилиум өткізудің үлгі жоспары.

1. Педконсилиум өткізу алдын ала хабарланады.
2. Жалпы сыныпқа кіріспе жасап, педагогикалық шағын кеңеске әзірлік жұмыстарын қысқаша саралайды.
3. Оқушылардың зеттеу бағдарламасы бойынша кестені пайдаланып, жеке оқушыға мінездеме береді.
4. Пән мұғалімдері ұсыныстар айтып, талдауға белсене қатысуы керек.

Педагогикалық – психологиялық консилиум тиімділігі:

1. Оқушыны жан – жақты дұрыс білуге бағыттайды.
2. Үлгермеушіліктің және оқушылардың тәрбиелік дәрежесінің жетіспеу себептерін анықтауға мүмкіндік береді.
3. Оқушыларға жекелеме ықпал жасау тәжірибесімен ортақтасу көзделеді.
4. Сыныпқа оқу – тәрбие жұмысында бірыңғай талап қоюға, мұғалімнің уақытын үнемдеуге, оқушыны жан – жақты дамытып жетілдіру үшін оқыту және тәрбиелік шараларды белгілеуге көмектеседі.

Педагогикалық – психологиялық консилиумнан туындайтын педагогикалық ұсыныстар:

1. Оқу дағдысын қалыптастыру, шығарма жазу, сарамандық жұмыс жоспарын ұсыну.
2. Зейінін, ықыласын тәрбиелеу. Есте сақтау қабілетін дамыту (арнаулы ойындар, жаттығулар арқылы).
3. Жинақылыққа үйрену.
4. Кітап оқуды үйрету.
5. Оқушы жауапкершілігін арттыру.
6. Білімдерін тұрақтандыру, өз бетімен жұмыстар беру.

7. Оқылып отырған материалдар негізін бөліп алуға үйрету.
8. Кәсіптік бағдар беру.
9. Сынып құрамы (жас ерекшеліктері, оқушылардың білім дәрежесі, дамуы, жұмысқа қабілеті мен үдгерімі, сынып белсенділері, қоғамдық жұмысқа қызығу, тапсырманы орындау, сынып ұжымының бағыты, саналығы)
10. Сыныптың ынтымақтасып бірігуі.
Сынып мүшелерінің ортақ іске қызығушылығы бар ма, жоқ па? Оқушылардың өзара қарым – қатынасы қандай? Олардың жалпы сынып ісіне көзқарасы?
Сынып мүшелерінің мектепте және мектептен тыс жерлерде бірігіп еңбек етуі және бос уақыттарын өткізуі туралы көз – қарастары.
Ұлдар мен қыздардың арасындағы достық, жолдастық көзқарасы. Ұлдардың қыздарды қорғауы, сыйлауы.
Сынып мүшелерін қорғауы
Өз сыныбының табысы мен кемшілігіне қуану немесе күйіну сезімдері бар ма? Ұжым намысы үшін қалай күреседі?
Жалпы мектеп көлеміндегі жұмыстарды өткізу барысында оқушылардың бірігуі немесе өз бетімен кетуі.
11. Сыныптың ұйымдасуы.
Ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыруда және орындауда оқушылар өзара берік ұйымдаса ала ма? Берілген жұмысты өзара тепе – тең бөлісу, оны орындау қарқыны.
Жиналыста, үзілісте, әр түрлі тапсырмаларды атқаруда оқушылардың бірін – бірі зейінмен тыңдауы және шыдамдылықпен орындауы.
Өздерін басқаратындардың шешіміне бағындыруы
12. Сыныптағы қоғамдық пікір.
Өз жолдастарының қандай істерін мақұлдап, қандай істерін мақұлдамайды?
Оқушылардың айтқан сөздері мен істеген істерінің арасында алшақтық.
Сынып ұжымындағы сын және өзара сын.
13. Сыныптағы жолдастық қарым – қатынастық сипаты.
Оқушылардың бір – бірімен тығыз байланысты болуы, тұрған жеріне, отырған үстеліне, қызығуына, жалпы істейтін жұмысына байланыстылығы.
Оқушылардың достығы тек мектепте ғана емес мектептен тыс жерлерде болуы мүмкін бе?
Жолдастарына көмек көрсетуі, оның негізгі белгілері.
Өз жолдастарына талап қою.
Сыныптың оқу озаттары мен белсенділерге және тәртіп бұзушыларға, үлгермеушілерге көзқарасы.

Консилиумға қатысушылардың біріккен іс - әрекетінің мазмұны:

Консилиумға қатысушылар	Жұмыс формасы мен мазмұны	Өткізу уақыты
Мектеп психологы	Бірінші сынып оқушыларын мінез – құлқында кездесетін қиындықтар бойынша коррекциялық топқа енгізу. Танымдық өрісінің дамуына бағытталған жеке сабақ.	
Педагог	Көмек стратегиясын өңдеу және тарату: арнайы қосымша сабақтарды ұйымдастыру, сабақ барысында ұл – баланың қолайлы жұмыс жағдайын жасау: тілектестік, атмосфера, оқуға талапты уақытша төмендету, сабақтан тыс уақытта жазбаша	

Оқу ісінің меңгерушісі	сұраулар мен ауызша жауаптарды мейлінше дұрыс қолдану. Педагогикалық жұмысты ұйымдастыруда педагогқа әдістемелік көмек көрсету	
------------------------	---	--

Консилиумға қатысушылардың кеңестік іс - әрекетінің мазмұны:

Консилиумға қатысушылар	Жұмыс формасы мен мазмұны	Өткізу уақыты
Мектеп психологы	Топтық консультацияға баланың ерекшеліктері мен мәселелері туралы педагогқа хабарды жеткізу, педагогикалық көмекпен сүйемелдеу стратегиясын өңдеуге жәрдем. Жан ұямен жеке консультация жүргізу (1 – ші кездесу педагогпен бірлесіп жүргізу болады)	
Педагог, оқу ісінің меңгерушісі	Жанұямен жеке кеңес жүргізу. Баламен жұмысты ұйымдастыруда пән мұғалімдерге әдістемелік көмекті көрсету.	

Сабақты талдаудың психологиялық – педагогикалық бірінғай жүйесі

- Сабақтың оқу – тәрбие жұмысының мақсатын жоспарлау бағасы:
 - оқыту,
 - тәрбиелеу,
 - оқушылардың ақыл – ойын, ерік, сезім және танымдық үдерістерді дамытуы.
- Сабақ мазмұнының психологиялық – педагогикалық бағасы.

Оқу материалының психологиялық сапасы (суреттеу немесе түсіндіру, олардың көрнектілік, нақтылық, абстрактілік, талдап қорытындылау дәрежесі).

Оқушылардың танымдық іс - әрекетінде осы тақырыптың қабылдау қай жағынан белсенді түрде қажет (бейне немесе сөздік – логикалық есте сақтауы, абстрактілік ойлауы, елесі)? Қандай сезімдер тууы ықтимал?

Берілген оқу материалдар оқушылардың танымдық іс - әрекет барысында жас ерекшеліктеріне, өмір тәжірибелеріне және білім деңгейлеріне сәйкес келе ме? Меңгерілген білім мен біліктіліктің мазмұндылығын, түйінін мұғалім қалай бөле алады? Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қиын тақырыптарды қабылдауына мұғалім түсінікті, қызықты, айқын, әрі қарапайым жеткізуі, көрнекті мысалдардың, аналогияның, салыстырудың болуы (көрнекті құралдарды қолдану, өмірмен байланыстыру және т.б) қалай жүреді?

Берілген материалдар тәрбиелік мәні (моральдық, эстетикалық, діни т.б) неде?

3. Оқу материалының тәрбиелік мүмкіндіктерін мұғалім қаншалықты орнықты анықтайды.
4. Сабақта оқушылардың танымдық іс - әрекетін басқарудың әдістері мен құралдары: Зейінді ұйымдастыру:
 - А) Сабақтың барлық кезеңдеріне есте сақтауды ұйымдастырудың жолдары (сабақта оқушылардың еріксіз көңіл бөлуіне, назар аударуына үндеу жасауы, іс - әрекеттің қажеттілігін көрсете білу, нақты мақсатты қоя білу).
 - ә) Сабақ барысындағы зейіннің түрлері және олардың кейбір оқушылар бойынан көрінуі.
 - Б) Оқушылардың назарын бір іс - әрекеттен екіншісіне аударуды ұйымдастырудың тәсілдері.
 - В) Мұғалім ұсынған іс - әрекеттің қандай қиын түрі болса да, оқушылардың назарын аударуға талап қоя білуі, әрі бұл жағдайдан қалай шықты? Қабылдауды ұйымдастыруды және оның ерекшелігі:
 - А) Оқушылардың қабылдау объектісі не болып табылады (мұғалімнің сөйлеуі, кітаптағы текст, әртүрлі көрнекті құралдар)?
 - ә) Көрнекті құралдардың қолданылуы, олардың сабақтағы қызметі.
 - Б) Материалды қабылдау тиынақтылығы.
 Ес және оның дамуы:
 - А) Сабақтың әр кезеңінде оқушылардың есте сақтауына мұғалімнің арнайы үндеу жасай білуі.
 - ә) Сабақта естің қай түрі жиі байқалады?
 - Б) Сабақта мұғалім есте сақтаудың ең тамаша қандай тәсілін қолданды.
 Оқушылардың ойлау іс - әректінің белсенділігін арттыру:
 - А) Мұғалім оқушыларға ғылыми түсінікті қалай қалыптастырады? Осыған орай көрнекті құралдарды қалай қолданды?
 - ә) Түсініктерді бір – бірімен қалай байланыстырады, әрі қандай пікір қалыптастырады?
 - Б) Түсініктер мен пікірлерді оқушылардың меңгеруіне мұғалім қандай жолдарды (индуктивті немесе дедуктивті) таңдады?
 - В) Мұғалім оқушылардың түсініктер мен пікірлерді меңгеруіне қажеттілікті тудыра білді ме?
 - Г) Сабақта түсініктерді меңгеруінің деңгейі, түсініктерді анықтау барысында жіберілген қатерлер.
 - Ғ) Оқушылардың өзіндік шығармашылық ойының белсенділігі.
 - Д) Ұжымдық таным іс - әрекеттің ұйымдастыруы: Сабақта репродуктивті және шығармашылық елестің белсенділігі.
5. Мұғалімнің кері байланысты ұйымдастыруы:
 - 5.1. Мұғалім сабақтың қай кезеңінде (сұрақ – жауап, жаңа материалмен таныстыру, пысықтау барысында), қандай мақсатпен оқушыларға сүйенді (сұрақ қойды)?
 - 5.2. Сабақта оқушылардың меңгерген білім деңгейін анықтауы.
 - 5.3. Кері байланыс тек бақылаумен ғана шектелмей, үйрету ерекшелігі болды ма?
 - 5.4. Сабақта оқушылар қойылған бағаларды қалай қабылдады, әрі оларға қалай түсінік берілді.
 - 5.5. Оқушылардың берген жауаптарының ерекшеліктері мұғалімнің әрекетінде, сөзінде ескерілді ме?
6. Мұғалімнің тәрбиелік ықпалы:
 - 6.1. Оның сыртқы келбеті, сөйлеу, әрі оқушылармен қарым – қатынас үлгісі. Сабақтағы эмоциялық жағдайы.
 - 6.2. Оқушылардың құнды ерікті ар – ұждандық қасиеттерін қалыптастыруға мұғалімнің талап қоя білуі және оқушылардың осы талапқа көзқарасы, әсері.
 - 6.3. Сабақта қолданған тәсілдер мен әдістердің тәрбиелік маңызы
7. Үй тапсырманың көлемі, ерекшелігі, дифференциалдылығы.
8. Сабақ мақсатына жеткендігі жайлы қандай психологиялық көрсеткіштер арқылы нақтауға болады?

Мысал түрде берілген кеңес тақырыптары

- “ Мектепке жас мұғалімдердің бейімделуі”.
- “ Мектепке бірінші сынып оқушыларының оқуға бейімделу спецификасы”.
- “ Сабақта танымдық қызығушылықты дамыту тәсілдері”.
- “ Оқушының үлгермеушіліктен арылту жолдары”.
- “ Тұлғаның қалыптасуына жанұя тәрбиесіндегі қолайсыз жағдайлардың әсері”.
- “ Жасөспірімнің эмоциялық сферада өзгеруі”.
- “ Жанұя тәрбиесінің стилі – тұлға деформациясының себебі”.
- “ Бала тәрбиесіне өзіндік бағаның әсері”.
- “ Өтпелі жастың ерекшелігі”.
- “ Оқушының кәсіптік таңдауына көмек көрсету”.
- “ Сыныптың ықшам климаты және тұлғаның қалыптасуына оның әсері”.
- “ Жанұяда даудың шығуына объективті және субъективті себептері”.
- “ Конфликтілік жағдайларда мінез – құлықтың стратегиясы”.
- “ Бала бойындағы ішкі қысымды ығыстыруға көмек.
- “ Психогимнастика элементтерімен танысу”.
- “ Конфликтіні шешудің ойын әдістері”.
- “ Жасөспірімдердің жыныстық – ролдік қатынастары”.
- “ Бастауыш сынып оқушыларының зеректігін дамыту”.
- “ Ата – аналардың әлеуметтік қылықтарға жатпайтын мінез – құлығы тұлға дамуының ауытқу себебі”.
- “ Оқушылардың білімін бағалаудың тәрбиелік және оқыту қызметі”.
- “ Оқушыларға кәсіби кеңес”.
- “ Мектепке оқушыларды қалай дайындау керек”

Психопрофилактика, психоағарту

1. “ Тұлғалық – бағытпен оқыту – оқытуды жетілдірудің нәтижелі технологиясы” – мұғалімдермен семинар – практикум.
2. “ Сабақты психологиялық – педагогикалық талдау және оның өту мазмұнын бағалау”
3. “ Жанұяда өзара әрекет стильдері және оның тұлғаның қалыптасуына ықпалы” – ата – аналар жиналысы.

Диагностикалық – коррекция

1. 5 - ші сынып оқушыларының сабақтан кейінгі эмоциялық жағдайын зерттеу.
2. 9 – шы сынып оқушыларының сөйлеу – ойлау креативтік диагностикасы.
3. 10 “ Б” сынып оқушыларының эмпатия деңгейлерінің диагностикасы.
4. 10 “Г” сынып оқушыларының мінезіндегі акцентуациясының диагностикасы.
5. 9 “ В” және 9 “ Г” сынып оқушыларының мақсат бағыттылығын диагностикалау.
6. 9 – 10 сыныптарының оқушыларының педагогикалық біліктілігін диагностикалау.
7. “ Жанұядағы өзара әрекет стильдері” 10 “ В” сынып ата – аналарының диагностикасы.
8. Жеке диагностика.
9. Қарым – қатынасқа түзету жұмыс, 7 сынып.
10. Ашудан арылудың жолдары, қиын балалармен жұмыс.

Т р е н и н г т е р

1. “ Ойын мен түсініктерді танымын” – 5 – ші сынып.
2. “ Мен қалай ойлай аламын” – 5 – ші сынып.

3. “ Ақылды болу дегенді қалай түсінемін” – 5 – ші сынып.
4. “ Педагогикалық біліктілікті дамыту” – 9 – шы сынып.
5. “ Қарым – қатынастағы позицияны талдай отырып, конфликтіден қалай шығу керек” – 10 – шы сынып.

**“ Психологиялық көмек көрсетуге мұғалімдердің қажеттілігін зерттеу”
(анкетаның үлгісі)**

Мұғалімнің мәселелері
Өзін зерттеу. Мұғалімнің тұлғалық өсуі. Өзін реттеу. Коммуникативтік (байланыстық) қателердің диагностикасы және коррекциясы (түзету). Жеке – жасаралық ерекшеліктерді зерттеу.
Оқу мәселелері
Үлгермеушілік себептерін талдау. Педагогикалық бағаның психологиялық талдауы. Танымдық мотивациялардың (түрткілердің) диагностикасы мен дамуы. Танымдық үрдістердің диагностикасы мен дамуы. Мектептік үрейдің диагностикасы мен коррекциясы.
Тәртіп мәселелері
Мінез – құлық мотивациялық схемасын талдау. Оқушылар мен оқытушылардың өзіндік бағасының диагностикасы мен коррекциясы. Өзінің сенімділігін көтеру диагностикасы мен коррекциясы. Агрессиядан (ашушаңдықтан) арылуға арналған ойындармен тренингтер. ҰШІ (КТД), ҰЮ (ОДИ) ұйымдастыру.
Өзара қарым – қатынас мәселелері
Ұжымдағы қарым – қатынас стильдері, модельдері. Педагогикалық қарым – қатынастың диагностикасы және коррекциясы. Қарым – қатынас тренингтері. Сабақтағылар қолайлы ықшам климатты қалыптастыру жолдары. Конфликтілік жағдайларда оқушының мінез – құлық стратегиясы мен тактикасы
Мектептегі дезадаптация мәселелері
Мектепте оқуға дайындығын анықтау. Невроздардың психопрофилактикасы Мектеп дезадаптациясының диагностикасы мен психокоррекциясы. Педагогикалық – психологиялық консилиум – дезадаптация профилактикасы Қиын балалармен жұмысқа нұсқаулар

Өндірілуі: Осы мектептегі мұғалімдердің алдында тұрған мәселелердің процентін шығару керек.

Практикалық психолог осы мектептегі мұғалімдердің алдында кездесетін мәселелердің проценттік шамасын анықтау қажет.

Психолог – кеңесшінің кәсіптік бағдарға он е р е ж е с і

1. Осы ауданға қатысқа барлық мамандықтардың кәсіптік кестесін білуі керек.
2. Кәсіби кеңес беру кезінде міндетті түрде барлық мамандықтардың қолданбалы оң және теріс жақтарын, әр түрлі диагностикалық әдістемелерін білу қажет және керек болған жағдайда пайдалану керек.

3. Кәсіби кеңес кезінде өзіндік бағаны дамытуға және жеке тұлғаның барлық оңтайлы (жақсы) қасиеттерін көрсетуге, өзіндік анықталудың объективті дамуына көмектесу керек.
4. Кеңес беру кезінде “ сенімділік” жағдай туғызу және кеңесті әдепті, өнегелі түрде айтылуы керек. Жеке адамды – қоғамның қажеттілігі мен талаптарына сай бағыттау керек.
5. Психолог әрбір оқушының жеке адам екенін, оның өзіндік жеке ерекшеліктері, қабілеті, мінез – құлық ерекшеліктері бар екенін ескере отырып, оқушының барлық көрсеткіштік мүмкіндіктерін дамыту керек.
6. Психолог жалпылап жүйелі түрде жауап ала алатындай етіп сұрақ қояды; ал кеңесші – жауапкершілігін сезіне отырып беруі керек.
Психолог – жеке адамның барлық комплекстік негіздеріне сүйене отырып, қорытынды жасайды.

Консультация жүргізудің әдептік принциптері:

1. Конфиденциалдықты қамтамасыз ет.
2. Өзіңе шек қойып ұғуды ұмытпа.
3. Иррелванттық детальдар туралы сұраудан қаш.
4. Клиенттің саған қарай қарағанын керек етсең, солай оған да қара.

Форма №2

Психологиялық диагностика

Психологиялық диагностика – Оқушының, ата – ананың тұлғааралық жетілуіндегі ерекшеліктерді, нормадан ауытқуды ғылыми негіз деп беретін сала.

1. Зерттеудің себебі (кеңес алушының баяндауы)
2. Зерттеу жоспарын әзірлеу, болжам жасау, психодиагностикалық зерттеу әдісін таңдау негіздемесі (әзірлеушінің аты жөні, лауазымы, жұмыс орны)
3. Диагностика жасаушылар (аты жөні, лауазымы, жұмыс орны)
4. Зерттеудің жүргізілу уақыты
5. Әдістемені қолдануды мына схема бойынша сипаттау (А)
6. Аталған зерттеуде маңыздылық ретінде қабылданған бағалау шкалалардың аталуы (Вербальды ақыл ойдың дамуы, жинақтаушылық(мәліметтілік, жан – жақтылық) түсінушілік, сөздік қорының дамуы, жалпы бағалау)
7. Зерттеу нәтижелері:
 - А) Кесте түрінде әр бір сыныпқа мәліметтер жинағы берілген.
 - Ә) Мәліметтердің талдап қорытылған интерпритациясы нәтиже бойынша түйіндеу және алынған нәтижелерді аналитикалық сипаттау.
 - Б) Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар беру.

(А – кестесі)

№	Жұмыстың аталуы	Тест авторы, аталуы	Зерттелу функциясының бағыты	Нәтижеге әсер ететін фактор

(Б – кестесі)

№	Тестіленушінің аты жөні	Диагностикалық тапсырмалардың қорытындысының орындалуы	Қорытынды

--	--	--	--

Күні:-----
Қорытындыны құрастырушының
лауазымы, қолы:-----

Форма №5

Психологиялық карта

Оқушыға психологтың медицина - әлеуметтік көмегі

Карта № -----
Тексеруді жүргізуші: -----
Күні: -----

Аты жөні: -----
Туған жылы, айы: -----
Оқу орны (мектеп, б/б және т.б) -----
Сыныбы немесе тобы: -----
Мекен жайы: -----
Телефоны: -----
Ата – анасының аты - жөні: -----
Қайдан келген (кім жіберген): -----
Келу себебі: -----
Жалпы мәліметтер: -----
Жанұясы: -----
Әлеуметтік жағдайы: -----
Биологиялық факторлары: -----
----- солақай -----
Ерте даму ерекшеліктері: -----
Білім мекемесіне дейінгі тәрбиеленуі: -----
Мамандардың қадағалауы: -----
Осы кездегі шағымдар: -----
Білім мекемесімен байланысты негізгі мәселелер: -----

Білім мекемесіне ауысуы	Сыныптың қайталануы	Мектеп адаптациясының бұзылу сферасы
		<p>Оқыту мен тәрбиелеудегі қиындықтар</p> <p>Негізгі пәндер бойынша қорытынды баға</p> <p>Мінез – құлық нормаларын игерудегі қиындықтар. Әлеуметтік байланыс ерекшеліктері</p>

--	--	--

Қорытынды:-----

Ұсыныстар:-----

Ситуацияның психоәлеуметтік дамуы

Аktуалды келіспеушілік, оның туындау уақыты

Әлеуметтік ситуациялық бағалануы

Жанұялық ситуацияның бағалануы

Психологиялық қорғаныс (сезіну, қиялдау, әрекеттілік, байланыс)

Өзін - өзі бағалау

Жанұядағы ситуация

Үйдегі баламен біріккен сабақ

Баланың педагогпен, құрдастарымен өзара қарым – қатынас

Ата – ананың білім мекемесімен өзара қарым -қатынасы

қатынас

-----Жанұядағы қарым –

Жанұя тәрбиесінің типтері

Ақыл – ой дамуының ерекшелігі

Жеке тұлғалық мінездемесі

Жақын арада даму зонасы

Мотивациясы (дәлелдері, себептері)

Болашақ туралы елестетуі, қызығушылығы

Медициналық анықтамасы

Ұсынылған: -----

Психологиялық қорытынды:-----

Психология – медициналық - әлеуметтік қорытынды негізінде ұсынылған:

Коррекциялық сабаққа қатысуы:-----

Маман: -----

Өткен кезеңде мынадай өзгерістер болды: -----

Педагогқа ұсыныс: -----

Ұсыныспен таныстырылуы: -----

Педагог: -----

Ата – анаға ұсыныс: -----

Ұсыныспен таныстырылды: -----

Анасы: -----

Әкесі: -----

Форма №10

Педагог – психологтың жүргізілген жұмысына аналитикалық есеп

1. Заттың мақсаты, объектісі, заты. Болжамды құру. Психодиагностикалық әдістемелерді таңдау. Өңдеуші диагност.
2. Зерттеу нәтижелерін ұсыну.
3. Сандық және сапалық көрсеткіштердің теориялық, әрі практикалық ерекшеліктерін атап көрсету.
4. Алынған мәліметтерді талдау.
5. Қорытынды, нұсқаулар.

Авторлық бағдарламаларға қойылатын талаптар

Авторлық бағдарламаларды бағалау критерилері:

1. Ғылыми практикалық жаңалығы
2. Ғылыми негізділігі
3. Көкейтестілігі және қажеттілігі
4. Практикалық бағыты
5. Пәнаралық және пәншілік байланыстардың болуы
6. Қабылдау, мақұлдау нәтижелерінің ұсынылуы.
- 7.

Ұсынылатын құжаттар тізімі:

I. Бағдарлама

1. Курстың мақсат міндетінің көкейтестілігін ашуды қарастыратын түсінік хат, курстың ұзақтығы, оқуға қатысушылардың жас категориялары, күтілетін нәтижелер
2. Сағаттар санын көрсете отырып, (әрқайсысына бөлінген) нақты құрылған тақыраптары бар тараулар бойынша бағдарлама мазмұны
3. Практикалық бөлімі оның курста алатын орны.
4. Оқуға қатысушылар пайдалана алатын және автордың өзі пайдаланған әдебиеттер жинағы

II. Үлгі тақырыптық жоспар

1. Курсты таңдау негізі
2. Курстың мақсаты мен міндеттері
3. Курстың мазмұны
Күтілетін нәтижелер